

**«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Нұржау жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезіндегі талдамалық АНЫҚТАМА**

### **I Кіріспе**

«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Нұржау жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-мектеп)-мектеп директоры басқаратын, өз құзыреті шегінде функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады, жүзеге асыратын жергілікті атқарушы мемлекеттік мекеме.

Мектеп бір немесе бірнеше оқу бағдарламаларын жүзеге асырады және білім алушыларды күту мен тәрбиелеуді жүргізуді қамтамасыз етеді.

Мектепте 55 педагогикалық қызметкер, 40 техникалық қызметкер жұмыс істейді.

Оқушы 1-11 сынып аралығындағы бала саны-380, сынып саны 23, мектеп алды даярлық -2, бала саны-32. Мектеп екі ауысымда оқиды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні:

Мектептегі сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайының сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді зерделей отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауы жүргізуі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижесі туралы ақпаратты ұсыну.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді:

«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Нұржау жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Мекен жайы мен байланыс мәліметтері: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы Нұржау ауылы, Ақботин көшесі- 1, телефон номері: 87123338364 эл.поштасы: shnurzhau@mail.ru

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілу кезеңі:

Басталды: 1 қаңтар 2024 жыл. Аяқталды: 20 қараша 2024 жыл

3. Бақыланатын кезең: 2024 жылдың 1 қаңтары мен 2024 жылдың 10 қараша аралығы

### **II Ақпараттық талдамалық бөлім**

Нұржау жалпы орта мектебі бойынша Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 986-Жарлығы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-Ү Заңы басшылыққа алынып, «Бөлімнің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың іс қимыл шараларының 2018 жылға арналған жоспарын

бекіту туралы» бөлімінің 2017 жылғы 28 желтоқсан күнгі № 908 санды бұйрығын іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл шараларын сапалы ұйымдастыру мақсатында мектепшілік іс-шаралар жоспары жасақталып, жоспар мектепшілік барлық қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерге таратылып, жүзеге асырылуда.

1) 2024 жылдың он бір айы бойынша бөлімде қабылданған құқықтық акт саны: 643 бұйрық берілген. Құқықтық актілердің дұрыс жасақталуы бақылануда. Түрлі тексерістер кезінде қатаң есептегі құжаттар тобында мектептің бұйрықтар кітабының жүргізілуі бақыланып отыр. Жұмыс 2024 жылдың 13 қаңтар күнгі бекітілген мектеп ережесі негізінде жүруде.

2) Мүдделер қақтығысы жоқ.

3) Кадрлық тағайындауларға үнемі талдау жүргізіледі. Жыл ішінде 2 маман тұрақты. 5-маман уақытша жұмысқа алынды.

№	Саны
Пән бойынша	Физика -1 тұрақты Педагог психолог-0,5 тұрақты Бастауыш-1 уақытша Қазақ тілі-1 уақытша Математика -3 уақытша Барлығы: 2 тұрақты, 5 уақытша
Жолдамамен	-
Қажеттілігі	100%52

Мектеп мұғалімдерінің педагогтардың әдеп нормаларына нұқсан келтіретін материалдарды әлеуметтік желілеріне жарияламау және сол сияқты бұзушылықтарды алға қарай болдырмауды қамтамасыз ету педагог имиджіне кері әсер ететін әрекеттерден сақтандыру түсінік жұмыстарының жүргізілуі бойынша жоспарға сәйкес жұмыс жүргізіледі.

Мектепте мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының нормалары мүлтіксіз сақталуда. Сеніп тапсырылған мүлікті иемденіп алу немесе талан таражға салуды алдын алу мақсатында мемлекеттік мүлікті пайдаланудың бақылауын күшейту бойынша: Мектепте мүліктерге және тауарды материалдарды құндылықтарға түгендеу жылма жыл қараша айында өткізіліп, желтоқсан айында қорытындысы жинақталып отырады.

Қаржылық құжаттарды рәсімдеу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны басшының өзімен қол қою (өзге тұлғаларға бермеу) мәселесі қатаң сақталады.

Бюджет қаражатының уақытылы және толық игерілуі бағытында жұмыстар жүргізілуде. 2024 жылдың қаржы есебі 111 ерекшелік бойынша қызметкерлердің жалақысына бөлінген қаражат сомасы -281691 теңге. 149 ерекшелік бойынша кеңсе тауарларына 335,0 теңге. А-4 қағазы -169,0 теңге, картридж -140,0 теңге, шаруашылық тауарлары -570,0 теңге, хлор-43,0 теңге, ағымдағы жеңіл жөндеу жұмыстарына -751,0 теңге, (сырлау

жұмыстары, коридорды, фойені, баспалдақтар, спорт зал қабырғаларын бөлінген қаражат сумасы.

151 ерекшелік бойынша коммуналдық қызметтерге бөлінген қаражат сомасы 3650,0 теңге, электр қуаты -2179,0 теңге, су-231,0 теңге, газ-1240,0 теңге.

152 ерекшелік бойынша байланыс қызметтеріне бөлінген қаражат сомасы-3737,0 теңге. Интернет-3467,0 теңге, связь-70,0 теңге, цоу-200,0 теңге

Балаларды тамақтандыруға бөлінген қаражат сомасы-14679,0 теңге.

Мектепте мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес 2024 жылғы 11 айлығында 301 мемлекеттік қызмет түрінен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша мерзімдерін бұзу фактісі болған жоқ.

Мектепте 6 мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша 3 түсіндіру жұмысы жүргізілді.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру мен қолжетімділігін қамтамасыз етуде дәлізде ақпараттық стенд: «Мемлекеттік қызмет көрсету» тақырыбымен 2024 жылдың тамыз айында жасақталуда. Уақтылы жаңартылып отырады.

Мектеп ғимаратында сыбайлас жемқорлық мәселелеріне арналған шағымдар мен ұсыныстарға арналған «Сенім жәшігі» орнатылған. 2024 жылдың 11 айында барлығында ешқандай хат келіп түскен жоқ. Түскен жағдайда, мектеп инспекторымен бірігіп, хаттар талданады, түсінік жұмыстары жүргізіледі. Сенім жәшігіне мектептің сенім телефоны ретінде 3-83-14 нөмірі бекітілген.

Мектепте «Парасатты азамат» тақырыбындағы бұрыш жасақталды. Жыл ішінде 4 рет материалдары өзгертіліп тұрды.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жұмыстар барысында мектептегі «Адал ұрпақ» клубы қызметінің жұмыстары:

Клуб жетекшісі педагог ұйымдастырушы Арайлым Иманғалиқызы Мусағалиева тағайындалды. Мүшелері 5-11 сынып оқушыларынан -20 оқушы қамтылды. Жоспары жасақталып, бекітілді. «Адал ұрпақ» тақырыбында стенд жасақталды. Бұрыш 2024 жылдың 10 айлығында 3 рет жаңартылды. Жоспарға сай барлық шаралары уақтылы өткізіліп отыр.

«Рухани-адамгершілік және азаматтық патриоттық» тәрбиелеу мәнінде мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағдарламасын жүзеге асыруда мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың көздеген түрлі жоспарлы шаралар өткізілді.

Жыл ішінде өтілген шаралар мониторингі:

Мектепте ақша жинауды бодырмау, мектеп бітіру мен мерекелерде мұғалімдерге сыйлыққа ата-аналардан, оқушылардан ақша жинауды болдырмау шаралары үнемі қатаң қадағалауға алынып отыр және келген хаттар негізінде мектеп директорының бұйрықтары шығарылды. «Құрметті ата-аналар ақша жинауға тыйым салынады» баннері жасалып, мектептің көрнекі жері, яғни мектеп алдына орналастырылды. Биылғы оқу жылын

бітірушілер үшін саланатты шаралардан кейін мектеп әкімшілігі тарапынан кештер ұйымдастыру болған жоқ.

Мектепте «Егер сізден ПАРА талап ететін болса, төмендегідей әрекет етіңіз», «Жемқорлық-біздің заманымыздың ең үлкен індет», «ANTI-KOR CALL-ЦЕНТР 1424» және «Адал көмек» жобасы және «Өз құқықтарыңды қорға!» т.б. тақырыбымен ата-аналар, оқушылар арасында насихаттау және түсіндіру мақсатындағы кезекті даярланған жадынама үлгілері көрінікті жерге орналастыру тапсырмасы орындалып, мектеп фойесіне «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында стенілеріне ілінді. Жыл ішінде таратылған жадынамалар саны:

р / с	Кезекті даярланған жадынама тақырыбы	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде таратылым саны		Мектепшілік шаралардағы таратылым саны		
		Ата-аналарға	Мұғалімдерге	Ата-аналарға	Мұғалімдерге	Оқушыларға
1	Жемқорлыққа жол жоқ!	201	55	201	55	210

Мектептердегі сынып сағаттарының және мектепшілік шаралары интернет ресурстарда және БАҚ-да жариялануы көрсетілген ақпарат жинақталған

Р/с	Сынып сағаттарының және мектепшілік шараларының атауы өткен мерзімі (ең үздігі)	Facebook және т.б интернет ресурсындағы парақшалар атауы мен жарияланған мерзімі тақырыбы
1.	«Сыбайлас жемқорлық туралы не білесің?» сауалнама	03.09.2024ж Нұржау жалпы орта мектебі Facebook парақшасында <a href="https://www.facebook.com/share/p/1FffEmrTXa/">https://www.facebook.com/share/p/1FffEmrTXa/</a>
2.	Қарттар күніне орай «Қариясы бар ел – қазынасы бар ел»	04.10.2024ж Нұржау жалпы орта мектебі Facebook парақшасында <a href="https://www.facebook.com/100066312291232/videos/1040521694422203/">https://www.facebook.com/100066312291232/videos/1040521694422203/</a>
3.	«Парасатты азамат» бұрышы жасақталды	05.09.2024ж Нұржау жалпы орта мектебі Facebook парақшасында <a href="https://www.facebook.com/share/p/15QyRPmzZR/?mibextid=wwXIfr">https://www.facebook.com/share/p/15QyRPmzZR/?mibextid=wwXIfr</a>
4.	Сыбайлас жемқорлыққа	18.10.2024 ж Нұржау жалпы орта мектебі

	қарсы видеороликтер	Facebook парақшасында <a href="https://www.facebook.com/share/v/17uh31YA5B/">https://www.facebook.com/share/v/17uh31YA5B/</a>
5.	«Жемқорлықпен күрес және заңның үстемділігі сынып сағаттар	05.09.2024ж Нұржау жалпы орта мектебі Facebook парақшасында <a href="https://www.facebook.com/share/p/19b5Mq7Q2K/?mibextid=wwXIfr">https://www.facebook.com/share/p/19b5Mq7Q2K/?mibextid=wwXIfr</a>
6.	«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ!» түсінік жұмыстары жүргізілді	03.09.2024ж Нұржау жалпы орта мектебі Facebook парақшасында <a href="https://www.facebook.com/share/19ZxZEEtwN/?">https://www.facebook.com/share/19ZxZEEtwN/?</a>
7.	Сыбайлас жемқорлыққа әлеуметтік аудиожазба	21.10.2024жыл Нұржау жалпы орта мектебі Facebook парақшасында <a href="https://www.facebook.com/share/v/17gvGKx6k5/">https://www.facebook.com/share/v/17gvGKx6k5/</a>
8.	«Жемқорлықсыз қоғамға қадам» жадынама таратылды	04.09.2024ж Нұржау жалпы орта мектебі Facebook парақшасында <a href="https://www.facebook.com/share/1X9Pyb4bcB/?">https://www.facebook.com/share/1X9Pyb4bcB/?</a>

Мектепте жұртшылық арасында насихаттау және түсіндіру жұмыстары басшылары тарапынан бақыланып отыр. Мысалы: сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл заңнамасының түсіндірілуі, насихаттау жұмыстарының барысы 2024 жылы 2 рет мектеп әкімшілігі жиналысында, қаралды.

Сыбайлас жемқорлық сипатындағы фактілерге жол бермеу мақсатында педагог қызметкерлер мен оқушылардың және олардың ата-аналарының құқықтық сауаттылығын арттыру жолға қойылды.

Мектепке қатысты сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын мәселелер болған жоқ.

Мектептегі ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлыққа ешқандай тәуекелдер анықталмады.

Мектептегі «Kundelik» бірыңғай ақпараттық жүйесін пайдалану және «Bilimland», «Aman sultan» білім платформасы сандық білім беру ресурсы жүйесін пайдалану жұмыстарын талапқа сай жүргізілуде.

Нұржау жалпы орта мектебінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға мүмкіндік туғызатын ықпал ететін тәуекелдер анықталмады.

### III Қорытынды:

«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Нұржау жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік

мекемесімен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша ұсынылады:

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарына сай құқықтық жаппай оқыту жүргізуді жетілдіру;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс шараларды басылым беттеріне жариялауды жандандыру.

**Ішкі талдауды жүргізгендер:**

1. Асем Исатаевна Абуталиева - мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары, жұмыс тобының жетекшісі
2. Светлана Амангалиевна Габбасова - мектеп директорының тәрбие орынбасары жұмыс тобының хатшысы

**Жұмыс тобының мүшелері:**

3. Нургул Сагадатовна Уахитова - мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары
4. Гульханат Талапбековна Бакешова - кәсіподақ ұйымының басшысы
5. Арайлым Айдарбековна Нигметова - психолог
6. Гүлнұр Нұрмағанбетқызы Хамитова - әлеуметтік педагог
7. Лиза Искаковна Ешекеева – бас есепші
8. Алия Кабашовна Сабирова - іс жүргізуші
9. Света Жолдыбаевна Аманжолова - шаруашылық ісі жөніндегі орынбасар

Мектеп директоры:



*Handwritten signature of G. Kenzhegalieva*

Г.Кенжегалиева